

**Мектептердегі
тамақтану сапасын
бақылау жұмысындағы
бракерәж комиссиясының
рөлі**





Осы 2023-2024 оқу жылынан бастап еліміздің барлық облыстарында халықтың әлеуметтік осал тобына жататын балалармен қатар, бастауыш сынып оқушыларын толықтай ыстық тамақпен қамту жүзеге асырылғалы отыр. Мектептің ішінен құрылған «Тамақтану сапасын бақылау жөніндегі бракераждық комиссия» (бұдан әрі бракераждық – сұрыптау комиссиясы) оқушылардың дұрыс тамақтануын қамтамасыз ету және тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін сақтау және мемлекеттік білім беру мекемесінде тамақ дайындау және тарату кезінде санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын бақылау мақсатында құрылды. Бракераждық комиссия мекеменің қамқоршылық кеңесімен және ата-аналар комитетімен бірлесіп жұмыс істейді.



ЫСТЫҚ ТАМАҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Бракераждық комиссия Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы бұйрығын, "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидермиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының (бұдан әрі - қағидалар), "қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидермиологиялық талаптар", рецептуралар жинағын, технологиялық карталарды және осы Ережені басшылыққа алады.



БРАКЕРАЖДЫҚ КОМИССИЯНЫ ҚҰРУ ТӘРТІБІ.



Бракераж комиссиясын тағайындау-мектептегі асханасының жұмысына тұрақты бақылауды қамтамасыз ету.



Бракераждық комиссияның құрамының төрағасы мектеп директоры , директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог , мектептегі медбике қызметкері, өндіріс меңгерушісі және құрамында үш адамнан тұратын ата-аналар комитетінің өкілдері кіреді



Бракераждық комиссия мүшелерінің саны кемінде 7 адамды, оның ішінде осы мектептің ата-аналар қауымдастығының ішінен кемінде 3 адамды құрауы тиіс.



Бракераждық комиссия (айына кемінде 1 рет директор жанындағы кеңестерде асхана жұмысын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі жұмыс туралы есеп береді.



Бракераждық комиссия толық құрамда айына бір рет акт толтыру жұмыс жүргізіледі, басқа уақытта мектеп медбикесі дайын тағамдардың сапасын органолептикалық бағалауды жүргізеді, бракераждық журналға жазба енгізеді



Бракераж нәтижесі дайын өнімнің сапасын бақылау журналында тіркеледі. Бракераж журналы нөмірленуі, тігілуі және мекеменің мөрімен бекітілуі тиіс.

БРАКЕРАЖДЫҚ КОМИССИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссияның міндеттері:

- ас блогындағы, асханадағы жұмыстың ұйымдастырылуын;
- тамақ өнімдерінің сапасын, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру, сақтау шарттарын;
- өнімдерді өткізу мерзімдерін;
- тамақ дайындау сапасын;
- тамақтың балалардың негізгі тағамдық заттарға физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкестігін;
- ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын бақылау болып табылады.



БРАКЕРАЖДЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- ✓ Асхана ыдыстарының оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігін бақылау;
- ✓ Тәуліктік сынаманың болуын бақылау;
- ✓ Тамақ дайындау процесінің технологиялық карталарға сәйкестігін тексеру;
- ✓ Келіп түсетін өнімнің санын тексеру;
- ✓ Апталық мәзірдің әртүрлілігін және сақталуын бақылау;
- ✓ Тамақ өнімдерін сақтау ережелерінің сақталуын тексеру;
- ✓ Әкімшіліктің қарауына тамақтану сапасын жақсарту және қызмет көрсету мәдениетін арттыру жөнінде ұсыныстар
- ✓ Бракераждық комиссия мүшесінің ерекше пікірге
- ✓ Тиісті құжаттары жоқ қызметкерлерді жұмысқа жібермеу (санитарлық кітапшалар, дипломдар, сертификаттар және т.б.)

